

Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 тамыздағы № 237/1 қаулысы

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 27-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және 85-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 120-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36238 болып тіркелген) бекітілген Су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларын белгілеу қағидаларының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31934 болып тіркелген) бекітілген Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Павлодар облысының жер үсті су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде шаруашылық қызмет режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. "Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулының Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысы әкімі

А. Байханов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Павлодар облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі
"КЕЛІСІЛДІ"

"Павлодар облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Павлодар облысы әкімдігінің
2025 жылғы "25" тамыздағы
№ 237/1 қаулысына
1-қосымша

Павлодар облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

№ р/с	С у объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймағының ауданы, гектар	Су қорғау белдеуінің ауданы, гектар	Су қорғау аймағының ені, метр	Су қорғау белдеуінің ені, метр
Павлодар қаласы						
1	Ертіс өзені	Павлодар қаласы – оң жағалау	554	5666	105-4270	35-3210
2	Ертіс өзені	Павлодар қаласы – сол жағалау	58	3032	4293-5785	4223-5715
3	Қара Бидайық көлі	Павлодар қаласы	396,0150	26,6590	500	35
4	көл №1	Павлодар қаласы	62,4225	6,5831	300	50
5	көл №3	Павлодар қаласы	69,5132	7,8698	300	50

6	көл №5	Павлодар қаласы	62,0042	6,5082	300	50
Павлодар қаласының ауылдық аймағы						
7	Мойылды көлі	Мойылды ауылы	163,4	16,6	300	35
Екібастұз қаласының ауылдық аймағы						
8	Шідерті өзені	Шідерті ауылы	16,9634	1,1789	500	35
9	Темірастау өзені	Төрт-Құдық ауылдық аймағы	554,3658	44,8152	254-500	35
Ақсу қаласының ауылдық аймағы						
10	Ертіс өзені	А қ с у қаласының ауылдық аймағы	1242	59517	105-14290	35-13240
Ақтоғай ауданы						
11	Ертіс өзені	Ақтоғай ауданы	8400	43997	115-11335	35-8200
Железин ауданы						
12	Ертіс өзені	Железин ауданы	5700	8253	216-8232	36-7081
Ертіс ауданы						
13	Ертіс өзені	Ертіс ауданы	11100	41842	59-8960	35-6265
14	Бірсуат өзені	Амангелді ауылдық аймағы – оң жағалау	14,2542	1,0231	500	35
15	Бірсуат өзені	Амангелді ауылдық аймағы – сол жағалау	13,8733	0,9952	500	35
Май ауданы						
16	Ертіс өзені	Май ауданы	13500	73848	950-11926	880-10676
17	Кемертұз көлі	Май ауданы	103	21,8	500	100
18	Ащысу өзені	Май ауданы	162,7	16,3	500	55
Ақкулы ауданы						
19	Ертіс өзені	Ақкулы ауданы	1000	44498	67-12332	35-11326
20	Тұз көлі	Ақкулы ауданы	1259	195	500-1300	100
21	Қалатұз көлі	Ақкулы ауданы	2570	40	500-3130	35
22	Кожа көлі	Ақкулы ауданы	188	54	300-500	100
Тереңкөл ауданы						

23	Ертіс өзені	Тереңкөл ауданы	9600	29323	45-11595	38-9210
Павлодар ауданы						
24	Ертіс өзені	Павлодар ауданы	9046	55549	51-14002	35-10699
25	Маралды көлі	Павлодар ауданы	852,1	71,1	500	35
Баянауыл ауданы						
26	Біржанкөл көлі	Құндыкөл ауылдық округі	81,5	7,5	500	35
27	Сабындыкөл көлі	Баянауыл ауылдық округі	495,6	37,7	500	35
28	Ақсор көлі	Баянауыл ауданы	212,4	23,88	300	35
29	Тұз көлі	Баянауыл ауданы	1797	160	500-2400	100
30	Ащысу өзені	Баянауыл ауданы	145	35	500	100
Шарбақты ауданы						
31	Маралды көлі	Шарбақты ауданы	1006,4	80,3	500	35
32	Бура көлі	Шарбақты ауданы	351	17	500-570	35

Павлодар облысы әкімдігінің
2025 жылғы "25" тамыздағы
№ 237/1 қаулысына
2-қосымша

Павлодар облысының жер үсті су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде шаруашылық қызмет режимі

1. Жер үсті су объектілерінде рұқсат етілмейді:

1) жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, сондай-ақ кен іздеушілікті, ас тұзын, емдік балшықтар өндіруді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2) радиоактивті және улы заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және қоқыстауға;

3) жол берілетін төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суларды ағызуға;

4) бекітілген су режимінсіз және арнаулы су пайдалануға рұқсатсыз суды алуға және (немесе) пайдалануға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын тоғытуға және санитариялық өңдеуге;

6) бассейндік су инспекциясының келісімінсіз құрылыс қызметіне, ауыл шаруашылығы жұмыстарына, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды жүргізуге;

7) пайдаланудан шығарылған (бүлінген) кемелерді және өзге де жүзу құралдарын, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге тыйым салынады.

2. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге жол берілмейді, мыналарды қоспағанда:

1) құрылыс және пайдалану:

су шаруашылығы құрылыстары мен олардың коммуникацияларын;

көпірлерді, көпір құрылыстарын;

айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін;

балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды;

ғимараттар мен құрылыстарды күрделі құрылыссыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды;

су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін бақылау пункттерін;

2) жағалауды нығайту, орман өсіру және көгалдандыру;

3) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 86-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында рұқсат етілген қызметтер.

3. Су қорғау аймақтары шегінде:

1) жер үсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болырмайтын құрылыстар және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыру және салуға;

3) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көнді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі;

4) тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға;

5) зираттарды орналастыруға;

6) жүктеме нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнайы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға;

7) сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жер үсті және жер асты суларының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға рұқсат етілмейді.

4. Орналастырылуы Қазақстан Республикасы Су кодексінің 86-бабының ережелеріне қайшы келмейтін су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болдырмайтын, сондай-ақ судың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін техникалық сумен жабдықтаудың тұйық (ағынсыз) жүйелерімен және (немесе) құрылыстар және құрылыстармен қамтамасыз етілуге тиіс.

5. Су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызмет тәртібі бассейндік су инспекцияларымен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген жобалар шеңберінде айқындалады.

6. Көлік немесе инженерлік коммуникацияларды су объектілерінің аумағы арқылы салу жобалары тасқын сулардың өтуін, су объектілерін пайдалану режимін, сулардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болдырмауды, олардың зиянды әсерінің алдын алуын қамтамасыз ететін іс-шаралар жүргізуді көздеуі тиіс.

7. Елді мекендер шектерінде су қорғау жолақтарының шекаралары жағалау аймағы міндетті түрде су объектісінің ластануын болдырмай (қалқандар, опырылу, орман-бұталы жолақтар) орнатылған кезде жоспарлану мен құрылыс салынуына қарай белгіленеді.

8. Қолданыстағы үйге жақын саяжай және бау-бақша учаскелері олардың су қорғау режимін сақтаған жағдайда су қорғау жолағының шегінде орналастырылады.

9. Пайдалануында су қорғау аймағының шектерінде орналасқан жер алқабы бар жеке және заңды тұлғалар су қорғау аймақтарын тиісті жағдайда күтіп-ұстауды және қордағы жердің аумағы мен су қорғау жолақтарының аумақтарын қоспағанда, олардың аумағын шаруашылықта пайдалану режимін сақтауды қамтамасыз етеді.